



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc mmginfo

№01 (171), ҚАҢТАР-АҚПАН, 2024



Oil Services Company



Oil Construction Company



MANGISTAU ENERGO MUNAY



Ойл Транспорт Корпорейшн



M.COM



«ЖЕТІБАЙМҰНАЙГАЗ» «ҚАЛАМҚАСМҰНАЙГАЗ» ӨБ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры М.Мұстафаевтың еңбек ұжымына үндеуі

Құрметті әріптестер!

Назарларыңызға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның қызметкерлері үшін жасақталған «Өмірлік маңызды қағидаларды» ұсынамыз. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ нысандарында ішкі және өндірістік бақылауды күшейту, сонымен қатар жазатайым оқиғаларға жол бермеу және олардың алдын-алу жөнінде тиісті шараларды алуға тапсырма бердім. «Өмірлік маңызды қағидалар»-ды біздің Ұжымның қызметкерлері ғана емес, сондай-ақ Мердігер ұйымдардың да қызметкерлері сақтауға міндетті. Себебі бұл қағидалар бізге адам өмірін сақтауға, әр қызметкердің амандығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Компаниямыздың осы саладағы саясаты келесідей мәселелерді қамтиды:

- 1) Адам өміріне қауіп төндіретін аймақты айналып өту;
- 2) Жабық кеңістікте жұмыстарды жүргізу барысында тиісті сақтық шараларын алу;
- 3) Көлік құралдарын қауіпсіз жүргізу;
- 4) Жұмысты бастамас бұрын энергия көздерін оқшаулау;
- 5) От қауіпті жұмыстарын, оңай тұтанатын заттар мен тұтану көздерін бақылау;
- 6) Қауіпті аймаққа кірмеу және оған басқа адамдардың кіруіне жол бермеу;
- 7) Жүк көтеру жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік шараларын сақтау;
- 8) Қауіптілігі жоғары жұмысты жүргізуге рұқсат-шақтама рәсімдеу;
- 9) Биіктікте жұмыс жасағанда өзіңізді құлаудан сақтау.

«Қол жарақатының алдын алуы»:

Өндірісте қол жарақатын болдырмау үшін ұжым қызметкерлерінің жазатайым оқиғалардың алдын алу және оларды тіпті болдырмау үшін қажетті білімін жаңартуға



және жұмыс барысындағы қырағылығы мен өз өміріне деген жауапкершілігін арттыруға ықпал ететін шаралар үздіксіз алынуы тиіс. Өндірісте орын алған жазатайым оқиғалардың басым көпшілігі – қол мен саусақтардың жарақаттарымен байланысты. Осы орайда Сіздердің назарларыңызға қол жарақаттарының алдын алуға бағытталған келесі бес ережені ұсынамын:

- 1) Түрлі қол жарақаттарын болдырмау үшін жұмыс барысында қандай да бір құрал-саймандарды қолданған жағдайда қолдарыңыздың қауіпсіз яғни дұрыс орналасуын қадағалаңыз;
- 2) Қолмен жасалатын жұмыстарды бастамас бұрын қолдарыңызға қауіп

төнбейтініне көз жеткізіңіз, жұмыс барысында қауіп төндіретін артық қимылға жол бермеңіз;

3) Жасағалы жатқан жұмыс түріне сай келетін құралдарды ғана қолданыңыз;

4) Құрал-жабдықтармен жұмыс бастамас бұрын қолдарыңызға тағылған зергерлік бұйымдар мен әшекейлерді шешіп алып тастауды ұмытпаңыз;

5) Жеке қорғаныш құралдарын дұрыс қолданыңыз!

Жоғарыда айтылған қағидалар ойдан емес, тәжірибеден алынған. Оларға немқұрайлы қараудың арты өкінішті жағдайларға алып келуі мүмкін. Ал керісінше олардың қатаң сақталуы қызметкерлеріміздің – Сіздердің өмірлеріңізді сақтауға, денсаулықтарыңызға нұқсан келтірмеуге, жұмыстан соң аман-есен отбасыңызбен қауышуға кепілдік береді. Сондықтан оларды «Өмірлік маңызды қағидалар» деп топтастырып, назарларыңызға ұсынып отырмыз!

Жұмысшылардың қауіпсіздігі қашанда біздің маңызды басымдықтарымыздың бірі болған және солай болып қала береді. Алайда, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу, жазатайым оқиғалардың алдын алу тек белгілі бір құрылымдық қызметтердің немесе Компания басшылығының ғана жауапкершілігіндегі мәселе емес. Бұл ұжымның барлық мүшелері үшін ортақ әрі аса маңызды мәселе. Сондықтан осы бағытта ұжым болып бірігіп, қоғамның құрылымдық бөлімшелері, өндірістік құрылымдық бөлімшелері мен мердігерлеріміз бұл мәселеге қатысты ерекше жауапкершілік танытып, олардың қатаң сақталуына бар күшін салады деп сенемін.

«Өмірлік маңызды қағидаларды» сақтаңыз – өз өміріңізді сақтаңыз!



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

КЕЗЕКТІ МЕЖЕ БАҒЫНДЫРЫЛДЫ!

«ҚАЛАМҚАСМҰНАЙГАЗ» ӨБ
175 000 000

«ЖЕТІБАЙМҰНАЙГАЗ» ӨБ
110 000 000

Қаламқас пен Жетібай мұнай кәсіпшіліктерінен қуанышты жаңалықтар келіп түсуде. 2024 жылғы 25 қаңтарда, Қаламқас кен орнында 1979 жылы өнеркәсіптік пайдалану басталғаннан бері 175 миллион тонна мұнай өндірілді. Мұндай маңызды межеге Қаламқас кен орнының 45 жылдығында қол жеткізілді.

Қазіргі уақытта Қаламқаста тәулігіне орта есеппен 9800 тоннадан астам мұнай өндіріледі.

Бүгінгі күні 110 миллион тонна мұнай өндірілген «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының мұнайшылары да маңызды оқиғаны атап өтуде! Айта кету керек, Жетібай кен орны Маңғыстау мұнайының тарихында ерекше орын алады. Дәл осы жерде түбегіміздегі алғашқы мұнай бұрқағы 1961 жылы атқылаған болатын.

Бүгінде Жетібай кен орнында орташа тәуліктік мұнай өндіру шамамен 7000 тоннаны құрайды.

Бұл көрнекті сандардың артында «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ ұжымының кәсібилігі, ұйымшылдығы мен жауапкершілігі тұр, жұмыскерлердің әрқайсысы осындай жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін өз үлестерін қосты.



Бұл күні өңірдің мұнай саласының қалыптасуы мен дамуының бастауында тұрған ардагерлер мен алғашқы жол бастаушыларға ерекше алғыс айтқымыз келеді. Нағыз қиын-қыстау кезеңде ардагерлер болашақ жеңістердің берік іргетасын қалаған болатын!

Ардагерлерді және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбек ұжымын тарихи оқиға - кезекті межені бағындыруымен шын жүректен құттықтаймыз! Мықты денсаулық, бақыт, бақ-береке, молшылық және жаңа еңбек жеңістерін тілейміз!

НАЦЕЛЕНЫ НА ПОЛОЖИТЕЛЬНЫЙ РЕЗУЛЬТАТ

В акционерном обществе «Мангистаумұнайгаз» продолжаются активные работы по модернизации действующего оборудования, освоению новых техник и технологий. В частности на месторождении Каламкас успешно завершены опытно-промышленные испытания (ОПИ) по замене стальных труб на гибкие композитные трубы.

Месторождение Каламкас, которое в этом году отмечает свое 45-летие относится к зрелым нефтепромыслам. Естественно за десятилетия непрерывной работы в системе ЦППД АО «Мангистаумұнайгаз» не раз возникали проблемы, связанные с выходом из эксплуатации высоконапорных металлических коллекторов из-за агрессивности закачиваемой воды. Из-за этого компания ежегодно несет высокие затраты на капитальный ремонт металлических трубопроводов. В связи с этим, одна из основных задач в

настоящее время - это увеличение срока службы высоконапорных трубопроводов в системе ППД путём замены металлических труб на другие трубы, более устойчивые к коррозии и абразивному износу.

Интенсивная коррозия стальных трубопроводов, ведет к авариям и простоям, которые создают перебои в технологическом процессе, нарушая температурный и гидравлический режим, и в конечном итоге, влияя на весь цикл добычи нефти. И для решения данной проблемы Отдел новых технологий производственно-технического департамента в 2023 году инициировал опытно-промышленные испытания по применению гибкой композитной трубы компании «Fibron Pipe GmbH».

В связи с этим руководством АО «Мангистаумұнайгаз» было принято решение о проведении опытно-промышленных испытаний гибких

композитных труб диаметрами 80 мм и 100 мм на 90 атм. для системы ППД месторождения Каламкас.

Гибкие композитные трубы были изготовлены компанией «Fibron Pipe GmbH», их преимуществом по сравнению со стальными трубами являются высокая стойкость к коррозии и длительный срок эксплуатации.

Для проведения испытаний композитных труб был выбран участок высоконапорного трубопровода на объекте цеха по поддержанию пластового давления ПУ «Каламкас-мұнайгаз». В ходе ОПИ оценивались такие критерии как: герметичность трубопровода, устойчивость к коррозии, температуре и внешним воздействиям, отсутствие трещин, отслоения и деформации труб, отсутствие отложений на внутренней стенке труб, подтверждение пропускной способности (1170 м³/сут.) и др.

В итоге за период проведения ОПИ на испытуемом участке осевого коллектора остановок по причине порывов или негерметичности гибких композитных труб не выявлено, технологический режим закачки, рабочее давление были в штатном режиме, технологический процесс нарушен не был.

Таким образом, специалисты АО «Мангистаумұнайгаз» пришли к выводу, что ОПИ по внедрению гибких композитных труб для системы ППД ПУ «Каламкас-мұнайгаз» прошло положительно, технологическая и экономическая эффективность доказана.

Если срок службы стальных трубопроводов составляет в среднем 3–5 лет, то срок эксплуатации композитных труб - не менее 20 лет. Внедрение на промыслах гибких композитных трубопроводов производства «Fibron Pipe» сокращает количество ремонтов труб и аварийных остановок. Необходимо также отметить, что главным достоинством данного вида гибких труб является способность



работать с высоким давлением до 20 МПа (в системе ППД).

Не менее важна экономическая составляющая: по оценкам специалистов применение данных технологий принесет положительный экономический эффект.

Теперь после успешного результата проведенного ОПИ, АО «Мангистаумұнайгаз» рассмотрит возможность поэтапной замены стальных труб на гибкие композитные трубы на месторождениях Каламкас и Жетібай, что в конечном итоге положительно скажется на технологическом процессе работы нефтепромыслов.



«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ кәсіподақ комитетінің жаңа төрағасы сайланды

10-шы қаңтарда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас кеңсесінің мәжіліс залында «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ кәсіподақ комитетінің кезекті есеп беру – сайлау конференциясы болып өтті.



Конференция барысында «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ кәсіподақ комитетінің төрағасы Бердібек Қуатбай есеп беру кезеңінде атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасап, егжей-тегжейлі есеп берді.

Бердібек Бисенғалиұлы конференцияға қатысушы әріптестеріне, өзіне үлкен сенім білдіре отырып, кәсіподақ комитеті төрағасының лауазымына екі рет сайлағаны үшін үлкен алғысын айтты. Сонан соң, сатып алу департаменті және материалдық-техникалық жабдықтау департаментіне жұмысқа ауысуына

байланысты, осы конференцияда «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ кәсіподақ комитетінің жаңа төрағасын сайлау қажеттігі туралы хабарлады.

Бұдан әрі, конференция регламентіне сәйкес, кезек «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ кәсіподақ комитетінің жаңа төрағасын дауыс беру арқылы сайлау рәсіміне берілді. Нәтижесінде кәсіподақ төрағасы болып «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ 4-МГӨЦ бастығы Әсет Сергейұлы Кенжеш бірауыздан сайланды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Нұрпейіс Сәрсенбай Бердібек Бисенғалиұлына кәсіподақта атқарған абыройлы жұмысы үшін Компания басқармасының алғысын жеткізіп, еңбек жолына

жаңа табыстар тіледі және жаңадан сайланған кәсіподақ төрағасы Әсет Сергейұлын жауапты лауазымға сайлануымен құттықтады.

Сонымен қатар, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығы Мақсат Нұрғабылов, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетінің төрағасы Мәди Кентанов, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ кәсіподақ комитетінің төрағасы Бекес Құлмұрынов және басқа да конференцияға қатысушылар Бердібек Қуатбай мен Әсет Кенжешке ізгі тілектерін білдіріп жатты.

Өз кезегімізде Компания кәсіподағында болып жатқан өзгерістер оңынан болғай дей отырып, әріптестерімізге ынтымақ, жерімізге береке, әр шаңыраққа амандық тілейміз!

Компания назары – жас мамандарда



Ел болашағы білімді де таланты жастар қолында қолында екені ақиқат, сондықтан Компаниямыздың басшылығы жас мамандарға әркез қолдау білдіреді. Жас мамандардың жағдайына ерекше көңіл аударып, бұл саладағы өзекті мәселелерді зерделеп, жіті назарда ұстайды.

Соның бір көрінісі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ желтоқсан айында Жастар форумын ұйымдастырған болатын. Нәтижесінде Қоғамның Жас мамандар кеңесінің жұмысы қайтадан қолға алынып, жаңа белестерді бағындыруға қадам басты. Жас мамандар кеңесі өз жұмысын 2014 жылдан бері жүргізіп келеді. Осы уақытқа дейін әртүрлі деңгейдегі мәдени, бұқаралық шараларды абыройлы атқарып, жастар кеңесі мен мекеменің дамуына айтарлықтай үлес қосып келген болатын.

Аталмыш форумда Жас мамандар кеңесінің төрағасы болып бірауыздан компанияның әлеуметтік саясат департаментінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі маманы Нұрбол Еділов сайланды. Еділов Н. – Каспий университетінің түлегі. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбек жолын 2012 жылы ҚҚҰЦ-дан бастады. Кейін ЕҚЖЕҚ ҚОҚ департаменті, экология қызметінде жұмыс жасады. 2023 жылдан бастап ӘСД маманы болып ауысты. Өзінің қызметтік міндетімен қатар кеңес жұмыстарын қоса алып жүруге бел буған ол бірқатар жоспарлар мен мақсат-міндеттерді алға қойып отыр.

Сондай-ақ, Жас мамандар кеңесінің «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бойынша кураторлары: МДӨЦ операторы А. Жарылғасов пен №2 цех шебері Б.Жұмаханов сайланды. Ал, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бойынша №4 МГӨЦ операторы Қ.Нартайұлы мен №4 МГӨЦ слесарі Н.Асабаев сайланды.

Бүгінгі таңда Жас мамандар кеңесінде 600-ден астам жас маман тіркелген. Өзінің оқырман клубы, ағылшын тілін оқыту клубы бар. Енді алға қойып отырған мақсат – жас мамандарды біліктіліктерін көтеру үшін оқуға жіберу, өнерлі мұнайшыларды қолдау бағытындағы жұмыстарды жүргізу сияқты толып жатқан шаралар.

Жас мамандар осындай жұмыла атқарылатын істер нәтижесінде Қоғам қызметкерлері аға буынының мұрагері болуға және компанияның дамуына өз күштері мен білімдерін жұмсай отырып, өндірістің озық шеберлерінің даңқты жолын жалғастырады деп сенеміз. Сондықтан Компанияда жастар саясатын сәтті жүргізу арқылы болашақта оңтайлы шешімдер қабылдауға, қазіргі заманның кез келген сын-тегеуріндеріне қарсы тұруға, жаңа перспективалы жобалар ұсынуға және қоғам мүддесі үшін, мемлекет игілігі үшін мәселелерді шешуге қабілетті лайықты, тәжірибелі, жоғары білікті мамандар шығаруға мүмкіндік мол деп ойлаймыз.

Іске сәт, жас мамандар!



25 қаңтар күні Бас директоры әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Нұрпейіс Сәрсенбай және Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мұқаш Оралбайұлымен кездесу өтті. Кездесу барысында кен орындарындағы бос уақытты жақсарту, оқыту, біліктілікті арттыру және мансаптық өсу, сондай-ақ жас мамандарды мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға тарту мәселелері талқыланды. Кездесуге қатысушылар компанияның игілігі үшін өзара ынтымақтастықты дамытуға келісті.

Ағымдағы жылдың 27 қаңтар күні "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ жас мамандар кеңесі Маңғыстаудың мақтанышына айналған Тамшалы шатқалына сапар ұйымдас-тырды. Сапардың басты мақсаты – өлкеміздегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды аралап, әрбір азамат пен жастардың бойына шексіз патриоттық сезімді сіңіру, патриоттық тәрбие ұялату.

Бұл табиғи кешен әр түрлі атауға ие: каньон, шатқал, аңғар. Тамшалы атауы «тамшылар» дегенді білдіреді. Бұл осы жердің барлық сұлулығын көрсетеді. Шынында да, тас қабырғалар мен төбеден таза судың жұқа бұлақтары ағып жатыр. Ал тастар біткен жерде су бұлақ суы толтырылған «ыдысқа» тамшылайды. Осы сұлулықтың барлығын көзбен көріп, сезіну туған жерге деген махаббатты арттыра түсері анық.

«Еліміздің әрбір тауы мен өзені, сайы мен қыры – тұнып тұрған тарих. Соның ішінде «Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен» Маңғыстауымызда керемет суретке түсіп, қуат алатын ерекше жер осы Тамшалы деп ойлаймын. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жастарының қарым-қатынасын нығайтуға арналған саяхат керемет деңгейде өтті» - дейді маркетинг және мұнайды өткізу департаменті, экспорт бөлімінің аға экономисі Абдуллаева Ясымина.

Жас мамандар кеңесі алдағы уақытта да осы бағыттағы сапарларды ұйымдастыруды жалғастыра бермек.

Жаңалықтар

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жастар кеңесі аясында English Speaking Club жұмыс істей бастады. Бірінші кездесу 09.01.2024 ж. өтті және апта сайын компанияның кеңсесінде өтеді. Сұраныс бойынша әріптестер сенбідегі таңғы асқа вахтааралық демалыс кезінде жиналады.

"Бұл жұмыстан тыс уақытта жиналуға, бір-біріне ағылшын тілінде қарым – қатынас дағдыларын жетілдіруге көмектесуге, сондай-ақ тәжірибе көрсеткендей - тамаша тимбилдинг" - Шолпан Әбдіманап модератор және жетекші бағдарламалық жасақтама инженері.

Сонымен қатар, 28 қаңтарда оқырмандар клубының алғашқы кездесуі өтті. Григорий Петровтың "Финляндия, ақ лалагүлдер елі" кітабы талқыланды. Кітап бұл елді үлгі ретінде, Қазақстан мен басқа мемлекеттер үшін тірі үлгі ретінде сипаттайды.



БАБА РУХЫНА ТАҒЗЫМ – ҰРПАҚҚА МІНДЕТ

Қазақ халқы ата салтынан жаңылмай, діні мен дәстүрін сабақтастырып, сан ғасыр бойы ізгі құндылықтарын ұрпақ санасына сіңіріп келеді. Өлінің разы болмай тірінің береке таппайтыны қазақы таным-түсінікте ертеден-ақ белгілі. Жуырда Жетібай ауылының жанындағы «Мешітбай ата» қорымында бабалар рухы шат болсын деген ниетпен жаңа түнеухана ашылды. Игілікті іс-шараның құрметіне түнеухана басында аруақтарға арналып ас беріліп, дұға оқылып, құран бағышталды.



Жаңа түнеуханың құрылысы өткен жылы басталған. Сонымен қатар, түнеухана ғимаратына қосымша намазхана, қазандық бөлме, ас үй салынып, электр желісі тартылды. Ал қорымның сырты жергілікті ұлу таспен толықтай қоршалып, түнеуханаға апаратын жол төселді. Ал осындай ауқымды жұмыстар «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ-мен компанияның серіктес, мердігер мекемелер, кәсіпкерлер мен жеке тұлғалардың ұйымшылдығының арқасында жүзеге асып отыр.

Түнеуханада берілген садақаға Қарақия ауданының әкімі Сымбат Төретаев, «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ бас директоры Мұрат Мұстафаев, Маңғыстау облыстық орталық мешітінің бас имамы Әнуэр Ізімбайұлы, ауыл ақсақалдары, компанияның еңбек ардагерлері, сондай-ақ Мешітбай атаның ұрпақтары, қорымда атқарылған жұмыстарды бірлесе іске асырған азаматтар мен Жетібай мұнайшылары қатысты.

Қарақия ауданының әкімі Сымбат Төретаев елдік істе ұйытқы болған барша мұнайшыларға ризашылық білдірді.

– Маусым айында Серікқали Ибраев, Нұрпейіс Мизамбайұлы ағаларымыз, өзге де жанашыр азаматтар үлкен бір бастаманы қолға алды, игілікті іске «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ бас директоры Мұрат Кеңесбайұлы да үлкен қолдау білдіріп, Мешітбай қорымының басында көп жұмыстар атқарылды. «Көп тілегі – көл» дегендей, көптің тілегімен, халықтың ауызбірлігімен осындай ел үшін, жер үшін маңызы үлкен шаруаны абыроймен аяқтадық. Баршаңызға үлкен алғыс білдіремін, – деді аудан әкімі Сымбат Төретаев.

– Бірнеше ай бұрын «Мешітбай ата» қорымындағы жұмыстарға кірісер сәтте садақа беріп бастап едік, енді, міне, бүгін жаңа түнеухана ғимаратында садақа беріп жатырмыз. Бұл жұмыстар үлкен елдік істің, ұйымшылдық пен бірліктің арқасында атқарылғанына баршамыз куәміз. «Бірлік бар жерде тірлік бар», – деген ғой ата-бабаларымыз. Әрқашанда бірлікте болайық. Ынтымағы жарасқан елден береке кетпейді, бұдан кейін де осындай ұйымшылдықпен еткен еңбегіміз елдің игілігіне жалғаса берсін! – деді өз сөзінде «Маңғыстау-мұнайгаз» компаниясының бас директоры Мұрат Мұстафаев.

– Осыдан екі ай шамасында Мешітбай ата қорымы басына келіп, құрылыстың барысымен танысып, куә болдық. Елдің елеулі, халықтың қалаулы азаматтары әкеміздің аты берілген қауымды қоршап, түнеуханасын, қонақ бөлмесін салды. Ата ұрпақтары болып әулетімізбен келіп, біз де шама-шарқымызша атсалысып жатырмыз. Сауапты іске ұйытқы болған Жетібай ауылының халқына, Жаңаөзен жұртшылығына, Қарақия ауданының әкімдігіне, «Маңғыстау-мұнайгаз» компаниясының басшылығына, ел азаматтарына отбасымыздың атынан шексіз ризашылық айтамын. «Маңғыстау-мұнайгаз» компаниясы осы құрылыстың іргетасы қаланғаннан бастап, барлық іске демеушілік жасағанын атап өткім келеді. Алла Тағала барша азаматтарға ұзақ ғұмыр берсін, денсаулықтары мықты болсын, табыстары арта берсін. Еліміз өркендеп, өсе берсін, – деді Мешітбай атаның үлкен ұлы Жұмабай ақсақал.

Ал ауыл ақсақалы Мүсір Байесенов ел-жұрттың атынан риясыз тілек, алғаусыз алғысын жаудырды.

– Бұл Мешітбай деген қауым әуелде белгісіз кішкентай ғана мола еді. Бұл қауымға осы күнге дейін қарайған адам жерленді. Жетібайдан аса алыс болмағанымен, қорымға апарар жол нашар еді. Соның басына елдің кәсіпкер жігіттері, «Маңғыстау-мұнайгаз» компаниясының қызметкерлері, басқа да мекемелердің өкілдері келіп, «осы



қорымға жол салайық, бес жүз метр жер алып, кеңітейік, басына түнеуханасын, намазхана бөлмелерін салайық, қорымға келіп садақа беретін адамдарға жағдай жасайық» деген ниетпен осы бастаманы көтеріп, міне, бүгінде ниеті амалына айналып, көптің тілегі қабыл болды. Қауымның басында садақа, ас беру деген әуелден біздің ата-бабаларымыздан қалған игі дәстүр. 1750-1850 жыл аралығында адай жұрты 9 рет ас берген. Ағайын-жұрттың өлі аруақтарды сыйлап, құрмет ету, аруақтарға бағыштап аят оқуы – өте үлкен сауапты іс. Құдайдың құлы, Мұхамбеттің үметі жер анаға барғаннан кейін, бұл жерде ешкім тұрмайды. Бірақ бұл қауымның қойнында сенің ата-бабаң, әке-шешен жатыр. Қауымға келіп тағзым етіп, аруақтарға тие берсін айтып, садақанды беріп, аят оқысаң рухтары риза болады. Елдің абыройлы азаматтары қорымның басына жол төсеп, намазхана салып, үлкен жұмыс жасады. Бізді осындай дәрежеге жеткізген ата-бабаларымыз. Олар қара орманын қалқан қылып, қарасты талқан қылып, күн жағында сая, жел жағында пана болды, кәтапты қара нардай болды, тауқыметімізді арқалап, жеткізіп кетті. Біз осы аруақтарды қатты құрметтейміз. Жарық күнде жылу берген күнге теңейміз. Қараңғы түнде сәуле берген айға теңейміз. Адамдарда жолға салып жіберетін, ақыл айтып, түзетіп жіберетін абызға теңейміз, тіпті мақтан тұтып айтып жүрер тарихымыз деп білеміз. Сондықтан аруақтарға құрмет көрсету – тірі адамдардың міндеті. Бұл қорымда жүрегінің астынан жан берген, бойынан қызыл қан берген, туғасын ақ сүтін берген, қолынан жетектеп биікке шығарған, тіл үйретіп би қылған, үйлендіріп үй қылған, қыз ұзатқан аналарымыз жатыр. Бұл қорымда бауырларымыз, халыққа қызмет еткен замандастарымыз жатыр. Осы өлкенің өніп-өсуіне маңдай тер, еңбектері сіңген азаматтар жатыр.

Таудаймен таласпайтын, баймен барыспайтын, жүйрікпен жарыспайтын, бірақ қатарынан қалыспайтын, өзіндік адымы бар, өзіндік қадамы бар, өзіндік айтары, ақылы бар азаматтар жатыр. Оларға неге құрмет көрсетпейміз? Бұл қорымда шапқанда жаңқаланбайтын, уатпай талқандалмайтын, қуаныш-қайғымызда ортақ болған дос-жарандарымыз жатыр. Іні-қарындас, бауырларымыз жатыр. Күлшашарымыз – кішкентай сәбилеріміз, шаттық-күлкімен бізді қуанышқа бөлеген балаларымыз жатыр. Мен осы қорымды қоршап, түнеуханасын салған азаматтарды өлі аруақ пен тірі адамға бірдей қызмет жасаған адамдар деп ойлаймын. Аруақты сыйлап, соларға тағзым етіп, қорымға келіп, садақасын берген кезде тірі адамдар да риза болады. Қызметтерің Алладан қайтсын. Балапандарың өсіп, сұңқар болсын, құлындарың өсіп тұлпар болсын. Ақ жүрек болсын жолдасың, ақ ниетің сені қолдасын, жақсылықпен тілесен, жаныңды арың қорғасын. Арынды болсын шабысың, алымды болсын табысың, найзадай болсын намысың. Жігіттікке бәрі сын, қиындық көрсең мұқалма, ауырлық көрсең жұқарма, кішілерге қамқор бол, үлкендерді ұлықтап, осылай өлі аруақ пен тірі адамға қызмет қылып жүре беріңдер, – деп Мүсір ақсақал ақтарыла ақжарма тілек білдіріп, ақ батасын берді.

Маңғыстау облыстық орталық мешітінің бас имамы Әнуэр Ізімбайұлы көпшілікке имандылық жөнінде, болашақ ұрпақтың тәрбиесі, қанағатшылық туралы ғибратты әңгіме қозғады. Жиылған жұртшылық аруақтарға арналып берілген садақада Жаратқаннан жақсылық тілеп, дұға жасап, «Мешітбай ата» қорымынан бой көтерген жаңа түнеухана жұртшылықтың игілігіне жарасын деген ізгі тілекпен тарқады.

«Маңғыстау Медиа»



Еңбек пен өнерден нәр алған

Уақытпен санаспай, табиғаты қатал, гүлеген желі маңдайыңнан сипай қоймайтын мұнайлы аймақта аянбай еңбек еткен, мамандығына шын берілген, елінің ертеңі үшін тер төгіп, адал қызмет атқарған нағыз Азаматтардың еселі еңбегінің жемісін бүкіл ел болып көріп, бүгінгі ұрпақтың игілігіне жаратып отырмыз. Бүгінгі әңгімеміз еткен еңбегі мен бен төккен тері аз емес, еңбекқорлығымен еленіп, өз мамандығын жете меңгерген, қызметтестердің алдында ерекше беделге ие болған - Қожа Нәбиұлы туралы болмақ.



Қожа Нәбиұлы жақсылар мен жайсаңдардың мекені болған, қойнауы құтқа толған Тұщықұдық ауылында 1961 жылдың 3 наурызында дүниеге келген. Бүгінде «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік бірлестігінде слесарь-газовик қызметін атқарып жүр. Бүгінге дейін

компанияның аса жауапты саласының тұтқасын ұстап, өз міндетін үлкен абыроймен атқарып келеді. Бұл кәсіп тікелей газбен байланысты болғандықтан қауіптілігі де, жауапкершілігі де жоғары. «Жөндеу жұмыстарын мұқият жүргізу - бұл өз еңбегін сүю», - дейді еңбек адамы. Бұл мамандықтың артықшылы-мамандықты ойдағыдай меңгеру біліктілік деңгейіне және тәжірибесіне байланысты екенін айтып өтті.

-Аға буын мамандардан үлкен тәжірибе жидық, ізімізден ерген жастарға сол білгенімізді, жиғанымызды үйретуге тырысып жүрміз. Өндіріс-тегі ең маңызды нәрсе - ұжым болып бірлесе жұмыс істеу. Сонда ғана нәтижеге қол жеткізесің. Цехтағы әр қызметкердің орны ерекше, ұжым ауызбірлігінің арқасында жұмысымызды ақсатпай, жоспарды ойдағыдай орындап, алға қадам басып келеміз, - дейді Қожа Нәбиұлы.

Жас кезінен ағасы Нәбиев Мергеннің қасында жүріп шопан қызметінде болып, мал шаруашы-



лығымен айналысқан. Отан отбасынан бастау алады, ал адамның азамат болып қалыптасуы сол отбасынан басталады демекші, - құдай қосқан қосағы Тілектес Каухаровамен 1 ұл, 3 қыз тәрбиелеп 16 немере 3 шөбере сүйіп отыр. Үлгілі тәлім-тәрбие беріп отырған шаңырақ иесі. Тілектес апамыз он саусағынан өнер тамған тігінші. Қазіргі таңда өз кәсібін дөңгелетіп әртүрлі құрақ көрпе, ұлттық киімдер тігуде. Қожа Нәбиұлының ата-анасы қарапайым шаруақор адамдар болғанымен баланы еңбекқор, білімді, жан-жақты қылып тәрбиелейді. «Өнер тамған он саусақ-үзілмейтін ырысың» демекші, - осындай асыл адами қасиеттерді бойына сіңіріп өскен Қожаның баласы Нәбиев Жеңісбек өнерлі азамат. Жеңісбек «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ «Мұнайды айдау және өңдеу» цехының аға-механигі. «Жақсы еркектің ішінде Ер-тоқымды ат жатар» деп, - өмірлік хоббиі жылқы шаруа-

шылығы және ата-бабалар мұрасын жалғастыру арқылы ер-тоқым жасау, қамшы өру шеберлігі бар екен. Отбасы мүшелері өте талантты. Бүгінде адал еңбекпен тапқан марапаттары шаңырағының төрінде жарқырап тұр. Ерен еткен еңбектің еленгені кімге де болса қуаныш, көңілге үлкен міндет. 23 жыл өз еңбегінде «Жақсы жұмыс - жанға тыныс» деген тәмсілді құп көретін жайсаң мінезді жақсы ағаның Алла жазса зейнетіде жақын. Қожа Нәбиұлының өз ұжымында абырой-беделі, алар орны елеулі. Маңдай тер, адал еңбектің шыңға шығаратынын осыдан көреміз.

Еңбегіңіз еленіп құрметті демалысыңызға шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын, еңбек демалысыңыздың әр күні шалқыған шаттыққа, отбасы - Отанда, ұл-қыздарыңыздың ортасында балқыған бақытқа толсын деп тілек білдіреміз.

Туыстық байланыс өмірді ұзартады

Алла Тағала ниса сүресінің 36-аятында «Бір Аллаға ғана құлшылық қылыңдар. Ата-аналарыңа және жақын ағайын-туыстарыңа жақсылық қылыңдар» деп бұйырған. Қасиетті құранның осы бір аятына мән беріп қарар болсақ, Алла Тағала бірінші кезекте тек өзіне ғана құлшылық етуді бұйырады. Егер адам Алладан басқаға құлшылық жасайтын болса, Алладан басқадан үміт етіп сұрайтын болса, онда ол адам Алланың кешірмейтін ең үлкен күнәсін, яғни «серік келтіру» жасаған болып есептеледі.

Екінші кезекте, «ата-аналарыңа жақсылық жасаңдар» деп бұйырады. Алла елшісі Мұхаммедтің (Алланың Оған игілігі мен сәлемі болсын) бір хадисінде «Алланың ашуы ата-ананың ашуында, Алланың ризашылығы ата-ананың ризашылығында» деген. Әрбір адам Алланың ризалығын алып, жасаған дұғасының қабыл болуын қаласа, онда ата-анасына жақсылық жасап, оларды ренжітпеулері керек.

Үшінші кезекте, Алла тағала «жақын туыстарыңа жақсылық жасаңдар» деп бұйырған. Туысқандар ата-анаға жақын ағайын адамдар. Сондықтан да аятта ата-анадан кейінгі орын соларға тиесілі екені атап көрсетілген. Олармен қатынасты үзбей керісінше нығайту, қарайласу мұсылманның міндеті болып табылады. Дініміз туыстарға жылы шырайлы болып сәлеміміз түзу болуды, көрген жерде жағдайын, бала шағасының денсау-

лығын сұрауды, олардың амандығын тілеуді, қолынан келгенше әртүрлі тірлігіне көмек көрсетуді, әсіресе қариялардың көңіл күйін біліп тұруды, ризашылығын алуды, олар дүниеден өткен болса, үнемі жақсы жақтарын еске түсіруді, жағдайы нашар туыстарға қаржылай көмек көрсетуді, жағдайларын жақсарту үшін мүмкіндігінше қол ұшын беруді уәжіп дәрежесінде бұйырады.

Пайғамбарымыз (Алланың Оған игілігі мен сәлемі болсын): «Кімде - кім Аллаға сенгеннен кейін туыстарына қарайласпаса, оларға лағнет жаусын» - десе, басқа бір хадисте: «Туыстық байланысын үзген кісі жәннәтқа кіре алмайды» - дейді.

Сондай-ақ шарифатымыз ғибадат амалдарымыздың қабыл болуы үшін туыстық қатынастың жақсы болуын шарт етіп қойған. Демек, әркім қолынан келгенше туыстарына жақсылық

жасауы керек. Әйтпесе Алланың құзырында амалдарымыздың салмағы болмайды. Әрбір мереке күндерінде міндетті түрде олармен жүздесіп, құттықтасу, сыйласу туыстықты нығайтады, әрі мерекеге шырай қосады. Мұны өзіне өмірлік ұстаным ретінде ұстану Пайғамбарымыздың (Алланың Оған игілігі мен сәлемі болсын) сүннетін тірілту болып саналады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың Оған игілігі мен сәлемі болсын): «Кедейге берген садақада бір сауап бар. Ал осы садақаны туысыңа берсең екі сауап аласың. Біреуіне садақаның сауабы, екіншісіне туысыңа қарайласқанның сауабы», - деген. Және Пайғамбарымыз (Алланың Оған игілігі мен сәлемі болсын) «Әрбір аптаның бейсенбі күнінің түнінде, амалдар Аллаға көтеріледі, сол кезде туыстарымен қарым-қатынасын үзгендердің амалдары қабыл болмайды». Бұл хадистің түсіндірмесінде ғалымдарымыз былай деген, адам қанша жерден намаз оқысын, ораза ұстасын басқа көптеген салиқалы амалдар жасасын бірақ туысымен ұрысып, олармен араласпайтын болса, онда оның жасаған құлшылықтарынан ешқандай сауап алмайды.

Туыстық байланыс өмірді ұзартады. Пайғамбарымыздың (Алланың Оған игілігі мен сәлемі болсын)

хадисінде: «Кімде-кім ризық-несібесінің көп болуын, өмірінің ұзақ болуын қаласа - туысына қарайлассын», - делінген.

